



Ирандық рафидиттік қауіп Ислам мен мұсылмандарға төнген қатер

Шейх Роби ибн Һади әл-Мадхали (رحمه الله)

Ескертулер

<https://t.me/uazakkir>



بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Ирандық рафидиттік қауіп

Ислам мен мұсылмандарға төнген қатер

«Аш-Шарк әл-Аусат» газеті 1437 Һижра жылы Рабии ас-Сани айының 4, бейсенбі күні шыққан (№13561) санында былай деп хабарлады (үзінді):

«Ислам революциясы сақшылары корпусының қолбасшысы Сирияда, Иракта, Йеменде, Ауғанстанда және Пәкістанда шамамен 200 мың жауынгердің дайын екендігін растады. Ол соңғы жылдары Таяу Шығыс аймағында болып жатқан өзгерістерді оң деп бағалады. Бұл туралы мемлекеттік “Мехр” агенттігі хабарлады. Джафари революцияның үшінші буынын Уәли әл-Фақиһті және Иран Ислам Республикасын қолдауға ынталандыруға ұмтылатынын айтып, Сирия, Ирак және Йемендегі соғыстарға ирандық жастардың қатысуының маңыздылығын атап өтті».

Әрі қарай құрметі ғалым Роби ибн Һади әл-Мадхалидің (Аллаһ оны рахым етсін) сөзі:

Мен айтамын:

Уа, ислам әлеміндегі мұсылмандар! Ұлы қауіпке назар аударыңдар. Иранның қандай жоспар құрып жатқанын, Ислам мен мұсылмандарды жоюды көздейтін әрекеттерін байқап, сақ болыңдар. Өйткені олардың Ислам мен мұсылмандарға деген дұшпандығы өте қатты.

Аллаһ Тағала яһудилер туралы былай деген:

{ لَتَجِدَنَّ أَشَدَّ النَّاسِ عَدُوًّا لِلَّذِينَ ءَامَنُوا الْيَهُودَ وَالَّذِينَ أَشْرَكُوا }
[سُورَةُ الْمَائِدَةِ: ٨٢]

{Сен иман келтіргендерге ең қатты дұшпан адамдардың яһудилер мен мүшріктер екенін міндетті түрде табасың}
[әл-Мәида сүресі, 82 аят]

Аллаһқа және Оның елшілеріне иман келтіргендерге яһудилер мен мүшріктердің қатты дұшпан екендігіне ешбір мұсылман күмәнданбайды. Яһудилердің де белгілі бір мақсаттары бар, бірақ олардың мақсаты мұсылмандар жерінің белгілі бір бөлігімен ғана шектеледі – Нілден Евфратқа дейін. Олар яһуди дінін бүкіл әлемге таратуға ұмтылмайды.

Ал рафидиттердің мұсылмандарға деген дұшпандығы яһудилер мен мүшріктердің дұшпандығын бірге қамтиды. Олардың мақсаттары яһудилердің мақсаттарынан да кең, өйткені олар бүкіл ислам әлемін өз бақылауына алып, оның тұрғындарын рафидиттік сенімге айналдыруды көздейді. Яғни олар Аллаһқа, Оның Елшісіне ﷺ, ардақты сахабаларға (Аллаһ оларға разы болсын) және бүгінгі күнге дейін солардың жолымен жүрген мүміндерге дұшпан болуды көздейді.

Расында, рафидиттерде яһудилерде де, христиандарда да кездеспейтін сенімдік адасулар бар:

1. Соның бірі – олардың имамдары ғайыпты біледі және әлемдегі әрбір нәрсеге билік жүргізеді деген сенім. Бұл, айтылғандай, яһудилер мен мүшріктердің сенімдерінен де ауыр адасушылық болып саналады.

2. Тағы бір сенім – өздерінің имамдарына діни заң шығару құқығын беру. Оларға жер мен көктің өзі көтере алмайтындай жалған діни үкімдер телінеді. Олар үлкен адасуларды енгізіп, оларды Пайғамбардың әулетіне телиді – Аллаһ оларды мұндай жаладан пәк етсін.

Бұл дұрыс емес деп саналады, өйткені мұсылмандар Пайғамбар Мұхаммед ﷺ пайғамбарлардың соңғысы екеніне және оның діні толық әрі кемел екеніне сенеді. Аллаһ Тағала былай деген:

{الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتْمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيتُ لَكُمُ الْإِسْلَامَ دِينًا}
[سُورَةُ الْمَائِدَةِ: 3]

{Бүгін сендерге діндеріңді толық еттім, сендерге деген нығметімді тәмамдадым және сендерге Исламды дін ретінде таңдадым (разымын)}

[әл-Мәида сүресі, 3 аят]

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай дейді:

{أَمْ لَهُمْ شُرَكَاءُ شَرَعُوا لَهُمْ مِّنَ الدِّينِ مَا لَمْ يَأْذَنُ بِهِ اللَّهُ}
[سُورَةُ الشُّورَى: 21]

{Әлде олардың Аллаһ рұқсат етпеген нәрсені дінде заң етіп шығарған серіктері бар ма?}

[аш-Шура сүресі, 21 аят]

3. Рафидиттердің тағы бір көрінісі – олардың Аллаһтың Елшісінің ﷺ сахабаларына қатты дұшпандық танытып, оларды кәпір деп айыптауы. Бұл арқылы олар Ислам шарифатын – Құран мен Сүннетті – жоюды мақсат етеді. Ал сол шарифатты сахабалар Аллаһ пен Оның Елшісінен ﷺ дәл жеткізіп, оны тарату үшін үлкен күрес жүргізген. Соның нәтижесінде көптеген халықтар олардың қолы арқылы Ислам дініне кірген.

4. Сондай-ақ олардың көптеген күпірліктерінің бірі – Аллаһтың Елшісінің ﷺ жұбайларына тіл тигізуі және мүміндердің анасы Айшаға (Аллаһ оған разы болсын) жала жабуы. Ал Аллаһ Тағала Айша анамызды Құранның бірнеше аятында ақтаған. Мұндай айып, әрбір мүміннің түсінігінде, Пайғамбардың ﷺ өзіне де тиеді.

Олар Пайғамбар ﷺ иманға, таухидке және ықыласқа тәрбиелеген сахабаларды ең жаман түрде бейнелейді. Сондай-ақ оның ардақты әрі тақуа жұбайларын да ең төмен, жаман сипатта көрсетеді.

Ендеше Аллаһқа, Оның Елшісіне және мүміндерге деген дұшпандықтың осы жаман дұшпандықтан артық қандай түрі болуы мүмкін?

Дайындаған: Сәтімжан абу Муса

Әлемдегі ең қауіпті адамдардың бірі – қазіргі таңда Иран мемлекеті қолдап жатырған рафидилер.

Олар Пайғамбарымыздың ﷺ таза Сүннетіне еріген адамды өлтіруді – үлкен құлшылық көреді. Аллаһ біздің елімізді және басқа да мұсылман жерлерін жамандықтардан сақтасын.

*Сұрақтар мен ұсыныстар бойынша
келесі поштаға хабарласуыңызды сұраймын:
uazakkir@gmail.com*